

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Барвинов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 8 қазандағы № 1-р шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қазанда № 8692 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтіні бойынша " Барвинов ауылдық округінің ", " Барвинов ауылдық округі " сөз тіркестері " Барвиновка ауылының ", " Барвиновка ауылы " сөз тіркестерімен ауыстырылды – Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Барвиновка ауылы әкімінің 03.02.2021 № 2-р шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1-тармағы 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағы 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес Сарыкөл ауданы Барвиновка ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Сарыкөл ауданы Барвиновка ауылының аумағында орналасқан жалпы көлемі 1,1910 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Барвиновка ауылы әкімінің 03.02.2021 № 2-р шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Сарыкөл ауданы Барвиновка ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Сарыкөл ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

У. Жанбалтин